

1. СЗ-3,6 сепкішіндегі сошник түрі
 - А) түтікті
 - В) табанды
 - С) екі дискілі
 - Д) құрамалы
 - Е) сырғатқы
2. ССТ-12Б қызылша сепкішінде себу нормасын реттеу
 - А) катушканың айналу жиілігі мен қоректендіргіш терезесінің ашылуын өзгерту арқылы
 - В) трактордың қуат алу білігіндегі айналу жиілігі мен агрегаттың жүріс жылдамдығын өзгерту арқылы
 - С) катушканың айналу жиілігі мен жұмыстық ұзындығын өзгерту арқылы
 - Д) сепкіш аппаратында дисктер мен редуктордағы жұлдызшаларды алмастыру арқылы
 - Е) дисктердің айналу жиілігін өзгерту және ұяшықтар қатарын жабу арқылы
3. МЖТ маркалы органикалық сұйық тыңайтқышты енгізу машиналарында шашу нормасын реттеу
 - А) вакуумды құрылғысын іске қосу
 - В) жеткізу магистралінде қысымды өзгерту
 - С) ауыспалы ысырманы ауыстыру және агрегат жылдамдығын өзгерту
 - Д) эжекторда қысымды өзгерту
 - Е) шашыратқыш штангасында ұштықтарды ауыстыру
4. Картоп отырғызғышындағы стабилизатордың қызметі
 - А) еңістікте машинаны сырғанатпайды
 - В) түйнектерді отырғызушы аппаратқа жеткізеді
 - С) тыңайтқыш өткізгішке тыңайтқышты тұрақты жеткізіп береді
 - Д) сошниктердің жүріс тереңдігін тұрақтандырады
 - Е) қоректендіргішке түйнектерді тұрақты жеткізіп береді
5. Катушкалы сепкіш аппаратын себу нормасына реттеу
 - А) тірек-жетекші доңғалақтарының айналу жиілігін өзгерту арқылы
 - В) дискілер айналу жиілігі мен жұмысшы ұяшықтар санын өзгерту арқылы
 - С) тербелу амплитудасы мен тесіктер өлшемін өзгерту арқылы
 - Д) катушканың жұмыстық ұзындығын және айналу жиілігін өзгерту арқылы
 - Е) дискілерді ауыстыру және айналу жиілігін өзгерту арқылы
6. Соқаның негізгі корпус түрінің қызметі
 - А) арам шөптерді кеседі, топырақты қопсытып аударды
 - В) соқаның жырту тереңдігін реттейді
 - С) топырақ қабатын кесіп алып оны қайырмаға жібереді
 - Д) қатараралықты 16 см тереңдікке қопсытады
 - Е) суғару қарықтарын тілуге арналған

7. МВУ-0,5, НРУ-0,5, РМС-6 минералды тыңайтқыштарды енгізетін машиналарындағы шашырату аппаратының қызметі
- А) дозаторға тыңайтқышты үздіксіз беру
 - В) тыңайтқышты араластыру
 - С) пайда болған үймелерді бұзу
 - Д) тыңайтқышты алқап бетіне шашу
 - Е) үймебұзғышқа тыңайтқышты беру
8. Соқалардың негізгі жұмыс органдары
- А) корпус, шымаударғыш, дискілі пышақ
 - В) жебе тәрізді табан, қопсытқыш табан
 - С) білеу, үстеме жүктеуіш құрылғысы, грядиль
 - Д) сошник, қырғы, сүйретпе
 - Е) рама, тірек, тірек дөңгелек
9. Топырақтың беткі қабатын өңдейтін тырмалардың қызметі
- А) тұқымды себу үшін қарық жасайды
 - В) топырақты қопсытып араласытрады және тегістейді
 - С) қатты топырақтарды жыртады
 - Д) қарық тіледі, жал мен жүйекті салады, түптейді
 - Е) топырақ қабатын нығыздайды және тегістейді
10. Дәнді дақылдарды себу тәсілдері
- А) жалға, жүйекке, құрамалық
 - В) қатарлап, тар қатарлап, айқастыра
 - С) кең қатарлап, пунктирлі, жолақтап
 - Д) қарыққа, шашыратып
 - Е) ұялап, шаршы-ұялап